

# Адамзаттың АЛҒАШҚЫ БАЙЛЫҒЫ – аман-саулық

(Соңы. Басы 1-бетте)

Салтанатты жиын басталмас бұрын өңір басшысы Абай, Катонқарағай №1, Көкпекті, Зырян, Күршім, Күршім №2, Үржар №1, Ұлан аудандық медициналық бірлестіктері, Өскемен медициналық жедел жәрдем станциясы мен медициналық жедел жәрдем ауруханасына автокөліктердің кілттерін тапсырды.

– Мемлекетіміздің болашағы денсаулығы мықты азаматтарға байланысты. Сіздер адамның ең қымбат байлығы – өмірі мен денсаулығын қорғайсыздар. Сондықтан өлшеусіз еңбектеріңіз үшін алғыс айтамыз. Мемлекет басшысы денсаулық сақтау саласына көп көңіл бөлуде. 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы соның айғағы, – деді облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ.

Соңғы жылдары облысымыздың денсаулық сақтау саласына баса назар аударылып, біршама жетістіктерге қол жетті. Емдеу мекемелерінің материалдық-техникалық

базасы нығайып, басқа да әлеуметтік мәселелер мүмкіндігінше оңды шешіліп жатыр. Денсаулық сақтау саласына бөлінетін қаржы былтырғымен салыстырғанда 25 пайызға өсіп, 43 млрд. теңгені құрады. Өңіріміздегі 842 медицина мекемелерінде 15 мыңнан астам медицина қызметкері еңбек етеді. Осы сала мамандарының саны, біліктілігі жыл сайын өсіп келеді. Облыстық бюджеттің 30 пайызы дәл осы салаға бөлінеді. Соңғы уақытта ғана бірқатар медициналық нысанның құрылысы аяқталып, төрт ауылдық дәрігерлік амбулатория іске қосылды.

Көрсетілетін қызметтердің сапасы жақсарып, ауруды анықтау мен емдеудің жаңа технологиялары енгізілуде. Соның нәтижесінде ана мен бала өлімінің көрсеткіші төмендеді. Бірақ бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жалғаса береді.

Жүрек-қан тамырлары аурулары бағытында да қомақты қаражат бөлініп, бүгінде өз мамандарымыз жүрекке күрделі оталар жасай-

тын болды. Ауыл тұрғындарын жылжымалы кешендермен қамту мәселесі де біртіндеп шешілуде.

Салтанатты жиында сөз алған Қуаныш Нұрғазиев: – Еліміздің денсаулық сақтау саласына 570 млрд. теңге бөлінсе, тегін медициналық қызметке 200 млрд. теңге қаражат бөлінеді. Облыс басшылығының осы маңызды салаға баса назар аударып, дамыған елдердегідей озық қондырғылармен жабдықталған орталықтар ашуға атсалысып отырғанына қуаныштымын. Осыдан он жыл бұрын еліміз денсаулық сақтау саласында осындай зор жетістіктерге жетеді деп ешкім ойламады. Бүгінгі таңда еліміздің тоғыз облысында өз мамандарымыздың қолымен күрделі кардиохирургиялық оталар жасалады. Бүгін Өскеменде сәулемен емдеу орталығының ашылуын тарихи оқиға десе де болады. Енді осындай радиологиялық кластер Семейде ашылады, – дей келе, дәрігерлерді төл мерекелерімен құттықтап, ақ жарма тілектерін

жеткізді.

Салтанатты жиын соңында аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВ пен онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының директоры Қуаныш Нұрғазиев ана мен бала орталығына, Шығыс Қазақстан облыстық ауруханасы, №1 Өскемен қалалық ауруханасы, медициналық жедел жәрдем ауруханасы, облыстық туберкулезге қарсы емдеу диспансеріне, сондай-ақ, Ә.Алдымбаева, Т.Плотникова, Л.Шораяқова, К.Бекеева, С.Мұқышева сияқты білікті дәрігерлерге және Өскеменнің емдеу-профилактикалық мекемелеріне беру үшін Өскемен қалалық денсаулық сақтау бөлімі басшыларына пәтер кілттерін табыс етті.

Медицина саласының бірқатар өкілдері «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін», «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгілерімен және Шығыс Қазақстан облысы Әкімінің Грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталды.